

Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

Жинақ	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
ISBN	978-601-262-638-4
Секция	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.I. Тұрақты даму жағдайында экономика, қаржы және менеджмент салаларының цифрлық трансформациясы / Цифровая трансформация сфер экономики, финансов и менеджмента в условиях устойчивого развития
Жинақтағы рет нөмірі	№ 020
Мазмұндағы беті	93
Жарияланған беттері	93-97
Автор(лар)	Көпжасаров Сагынтай Сатыбалдиевич
Мақала атауы	МӘДЕНИЕТ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ЫҚПАЛЫ
Мазмұндағы жазылуы	Көпжасаров С.С., Избасарова Л.Б. МӘДЕНИЕТ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ЫҚПАЛЫ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

«МӘДЕНИЕТ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ИНДУСТРИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУҒА ЫҚПАЛЫ»

Көпжасаров Сагынтай Сатыбалдиевич

izbasarova@asu.edu.kz

«Экономика мен басқарудағы бизнес аналитика»

білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: э.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Избасарова Л.Б.

Білім мен шығармашылыққа негізделген экономиканың жаңа түрінің пайда болуы мәдени және креативті индустриялармен тығыз байланысты болып, оның формасы ақпараттық және жаһандық сипатқа ие. Өмірдің барлық салаларына, тауарлар мен қызметтерді өндірудің технологиялары мен әдістеріне әсер еткенін, өмір салтын қалыптастыратын мәдени үрдістер қалыптасты. Ол мәдениет ұғымының кеңеюіне және өзгеруіне әкеліп, жай ғана көркемдік өндіріс емес, қоғамдық өмірдің ерекше саласы ретінде байланыс құралдары, қала құрылысы, мемлекеттік саясат, қоғаммен байланыс, жеке және топтық өзін-өзі сәйкестендіруден көріне бастады. Қазіргі күнде шығармашылық та өнермен байланысты түсінік емес, сонымен қатар барлық секторлар үшін маңызды жаһандық экономикалық артықшылықтардың бірі ретінде қабылдануда.

Мәдениет пен экономиканың байланысы ежелгі дәуірде өте тығыз болып, өндіріс пен шығармашылықтың құндылықтары мен функцияларына сәйкес келді. XIX ғасырдан бастап ғылыми-техникалық прогресті, өнеркәсіпті және капитализмді дамыту үрдісіне көбірек көңіл бөлінгендіктен, экономика мен өнер арасындағы қатынастар нашарлайды. Экономика ғылыммен тығыз байланысқан осы кезеңде өнер өздігінен қалады да, материалдық игіліктер жасау сияқты сұранысқа ие болмайды.

Бірақ қоғамда болып жатқан өзгерістер экономиканың мәдениетті қолдауы көпшілікке арналған көрініске ие болып, жаңа мәдениет адамдардың қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталады. Тауардың көпшілікке өтуі үшін тұтынуды ынталандыру тәсілі ретінде жарнаманың пайда болуы нәтижесінде, постмодернизм дәуірі басталады, ол іс жүзінде бұқаралық мәдениетті жалғастыруды қамтамасыз етеді.

Коммерцияға негізделген бұқаралық мәдениет феноменін алғаш болып ұсынған франкфурттық мектептің өкілдері Т. Адорно мен М. Хоркхаймердің пікірлерінше, мұндай мәдени өнімдердің таралуы адамдардың деградациясына, сондай-ақ, адамның шынайылығы мен оның болмысының негізі болып табылатын нәрсені қайтарымыз жоғалуына әкеледі. Бұл ой әрі қарай М. Фуко, Г. Дебора, Ж.Ф. Лиотара, Ж. Бодрийяра және т.б. жұмыстарынан жалғасын табады.

XX ғасырдың аяғына қарай жағдай өзгеріске ұшырап, адамдарда мәдениетке (өнерге) деген қызығушылық пен қажеттілік кеңінен пайда бола бастайды. 90 жылдар мәдениет пен экономиканың қозғалысы кезеңі болып, олардың синергиясына, тығыз ынтымақтастық пен серіктестікке қарай жылжудың уақытына айнала бастайды. 1990 жылдың қазан айында алғаш рет «Экономика мен мәдениетті өзара ашу» атты халықаралық форумы өтеді. Ал, 1992 жылы желтоқсанда БҰҰ мен ЮНЕСКО бастамасымен мәдениет және даму жөніндегі Дүниежүзілік комиссия құрылып, БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Перес де Куэльяр басқарады. Комиссияның құжаттарында адамзаттың алдына мәдениетке негізделген тұрақты даму

бойынша жаңа мақсаттар мен міндеттер қойылады. Мәдениет ХХІ ғасырда дамудың кілті ретінде жарияланып, қойылған міндеттерді шешу үшін мәдениет пен даму ұғымдарын қайта қарастырылу қажеттілігі айқындалып, олардың арасындағы қатынастарды тереңдету керек екендігі басты назарға алынады.

Ғылым, инновация, технология және мәдениет бір-бірінен ажырамайтындықтан, экономика мен мәдениетті байланыстырудың шұғыл қажеттілігі туындайды. Экономика өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етіп, ол адамның табысын ұлғайтуға негіз болса, мәдениет адамның өмірін мағынамен толтырады және мақсаттарды анықтайды, бұл оған жақсы көңіл-күй сыйлайды. Шығармашылықты ынталандырады, әл-ауқатқа ықпал етеді, әлеуметтік дамуға және энергия мен технологиялық ресурстарды пайдалануға ықпал етеді, нәтижесінде сөзсіз экономикалық салдарға және пайданы ұлғайту мүмкін болады.

Жергілікті экономиканы дамытуда мәдениет басты рөлде болып, ол материалдық және материалдық емес, яғни мәдени мұралар, кітапханалар, қалалардың тарихи орталықтары және мұражайлар, көрікті жерлер, опера театрлары, концерт залдары және т.б. сол аумақты ерекше етіп, жергілікті тұрғындар үшін де, келген қонақтар үшін де тартымдылықты қалыптастырады.

Аумақты адамдардың шығармашылығы, идеялары, өзара әрекеттесу, инновациялық бастамалар мен білім орталықтары дамытады.

Қолөнер мен өнер, дизайн, шоу-бизнес, сәулет, жарнама, кітаптар, ақпарат пен бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын қамтитын мәдени және шығармашылық салалар адамзаттың дамуын жеделдетуде маңызды күшке айналса, олардың ықпалымен адамдарға өздерінің дамуы үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға және инклюзивті тұрақты дамуды қамтамасыз ете алатын инновацияларды ынталандыруға мүмкіндік беріледі. Дұрыс дамыған кезде креативті экономика ғылыми құрылымдық экономикалық өзгерістерге, әлеуметтік-экономикалық прогреске, жұмыс орындары мен инновацияларға айналуы мүмкін, бұл әлеуметтік дамуға және адамның тұрақты дамуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметіне байланысты Қазақстан Республикасы бойынша 2025 жылғы 1 қаңтарда 3920 қоғамдық кітапхана, 3076 мәдени-демалыс ұйымдары, 282 музей, 251 ойын-сауық және демалыс саябағы, 113 кинотеатр, 74 театр, 50 концерттік ұйым, 10 хайуанаттар бағы және 4 цирк жұмыс істеді.

2024 жылы ең көп келушілер кітапханалар (55 485,6 мың келу), кинотеатрлар (23 277,4 мың келу), ойын-сауық және демалыс саябақтары (15 598,1 мың келу), музейлер (6 665,4 мың келу) болды. Бұл ретте ең көп іс-шараларды мәдени-демалыс ұйымдары (224,2 мың бірлік), театрлар (16,7 мың бірлік), ойын-сауық және демалыс саябақтары (8,7 мың бірлік) және концерттік ұйымдар (6,4 мың бірлік) өткізді.

2023 жылмен салыстарғанда келушілердің ең көп өсуі хайуанаттар бағында байқалады – 30,0%-ға, концерттік ұйымдарда – 12,1%-ға, мәдени-демалыс ұйымдары-11,5%-ға, киносеанстарға келушілер саны 10,9%-ға, музейлерде– 6,5%-ға, театрларға – 3,5%-ға өсті.


1-Кесте. Қазақстан Республикасындағы 2020-2024 жылдардағы мәдениет мекемелеріне келушілер саны

мың саны

	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.
Кітапханалар	34109,6	49745,0	51239,3	52663,2	55485,6
Киносеанстар	4781,2	8453,2	17047,5	20995,7	23277,4
Музейлер	1427,4	5104,9	6097,3	6255,9	6665,4
Концерттер	-	1527,6	2695,6	2971,6	3074,2
<i>Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметі</i>					

2024 жылы демалыс және ойын-сауық саябақтары өткізетін іс шаралар саны 24,0% артты, цирктер-13,5%-ға, мәдени-демалыс ұйымдарды өткізетін іс-шаралар саны 8,8%-ға және театрлар өткізетін іс-шаралар саны 0,7%-ға ұлғайды.

Мәдениет пен шығармашылықты тиімді қамтамасыз ететін, аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуға үлес қосатын қалалар шығармашылық қалалар болып табылып, мәдениет, өнер, әр түрлі шығармашылық жобалар дамып, өркендеп, аумақтың тұрақты дамуы мен инклюзивті өсуіне ықпал ететін орын. Бұл әрекеттер инновациялар мен бірегейлікке әкеледі. Мемлекеттік және жеке секторларды қамтитын жеке тұлғалардың, ұйымдардың және фирмалардың экожүйесі болып табылып, олардың құрамына суретшілер, мәдениет мамандары және олар қатысатын құру құны тізбегі кіреді.



Сурет 1- Мәдени-бұқаралық іс-шаралар саны

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметі

1 – суреттен 2020 ж. – 2024 жыл аралығында мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысушылар саны беріледі. Онда концерттік ұйымдарға қатысушылар саны 2020 жылы 1947 болса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 6379-ке ұлғайған, сол секілді театрларға қатысушылардың саны да 6381-ден 16651-ге ұлғайған. Ұлғаймалы үрдіс ойын-сауық және демалыс саябақтарына келушілер санынан да байқалады.

Бес миллионға жуық қазақстандық, Freedom Ticketon мәліметтері бойынша жылына кемінде бір рет ойын-сауық іс-шараларына қатысса, үш миллионға жуық адам мұндай іс-шараларға тұрақты түрде қатысады. Тұрғындар іс-шараларға билеттерді Freedom Ticketon платформасы арқылы сатып алады.

Орталық Азиядағы мәдени, ойын-сауық және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн-сатудың ең ірі сервисі Freedom Ticketon платформасы арқылы жүзеге асырылып, онда қазақстандық және шетелдік эстрада жұлдыздарының концерттері, кино, театр және цирк қойылымдары, мұражайлар мен көркем галереяларға, экскурсиялар тренингтер мен

семинарлар, балалар қойылымдары, ұлттық командалардың футбол, хоккей және баскетбол ойындары, сондай-ақ сондай-ақ халықаралық ауқымдағы жарыстарға билеттер сатылады.

2024 жылы бір айда қазақстандықтар кез келген сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына 11 801 теңге жұмсап, компанияның мәліметінше, 2024 жылы олардың ойын-сауық, мәдениет және өнерге жұмсаған жалпы шығындары 73 млрд теңгені құрады. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 16,1 млрд теңгеге (28%) ұлғайған. 2024 жылы кинопрокат нарығы 35% - ға өскен.

Freedom Ticketon компанияның айналымы 2024 жылы 25,4 млрд. теңгені құрап, билеттер сатып алынатын іс-шаралардың негізгі үлесі Астанада 50,6%, Алматыда 48,1% және Қарағандыда 33% болғаны айқындалды.

2024 жылы кинопрокат нарығында қазақстандық фильмдердің саны 103 болып, 2023 жылмен (бұл көрсеткіш 72 болған) салыстырғанда ұлғайған. Отандық фильмдер жалпы айналымның үштен бірінен астамын, яғни 18,4 млрд. теңге, ал шетелдік фильмдер - 29,2 млрд. теңге табыс тапқан.

Өзара әрекеттесудің, енудің және әсердің бірнеше деңгейіне ие болатын мәдениет пен экономика жүйелік тәсіл арқылы әрекет етіп, мәдениет саласын мазмұнды және функционалды аспектілерде қарастырады. Мәдениет, өнер, дін, ғылым салаларында қалыптасатын ақпарат пен білім мазмұндық аспектідегі мәдениет болып, адам мен қоғамның қалыптасуына әсер ететін құндылықтар мен ережелер жүйесінде көрінетін қоғамдық сананың бір түрі ретінде танылады. Мәдениетті әлеуметтік әлемге сыртқы әсер ету тұрғысынан қарастыратын функционалды тәсіл, адамдарда қоршаған орта фактілеріне ұқсас реакцияларды қалыптастыру арқылы сипатталады. Функционалды аспектіде мәдениет институттар құрылымы, құндылықтар жүйесі, әлеуметтік, дүниетанымдық және экономикалық нормалар арқылы адамның мінез-құлқын реттейді.

Осындай аспектілер арқылы әрекет ететін мәдениет экономикаға да әсер етеді. Мәдениет адамның экономикалық қызметінен ұлғайып, оған үстемдік етеді. Ал, мәдениеттің экономикаға әсері жеке этностарға, конфессияларға және халық топтарына тән дәстүрлер мен әдеттер олардың экономикалық жетістіктері, айталық экономикалық белсенділікке адамдардың тапшы ресурстарды бөлу туралы таңдауы арқылы ықпал етеді.

Өндіріс мәдениеті экономика мен мәдениеттің өзара әрекеттесуінің маңызды нүктесі бола келіп, кәсіпорынның даму деңгейін анықтайтын материалдық, ұйымдастырушылық және рухани құндылықтардың жиынтығын айқындайды. Кәсіпорынның даму деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым мұндай кәсіпорынның экономикалық қайтарымы артады.

"Шығармашылық индустриялар - қазіргі заманғы мәдениет пен бизнес құбылысы" тақырыбын зерттеудің өзектілігі қазіргі қоғам жағдайында осы бағыттың маңыздылығы мен қажеттілігін көрсететін бірнеше негізгі факторларға байланысты.

Мәдениет пен шығармашылық индустриялар қазіргі заманғы мәдениет пен бизнестің үрдісі ретінде мәдени және көркем өнімдерді құруға, өндіруге және таратуға негізделген экономика секторларының жиынтығы болып табылады. Бұл салаларға жоғарыда атап өткеніміздей, музыка, кино, театр, бейнелеу өнері, дизайн, сән, әдебиет, сандық медиа және бейне ойындар сияқты салалар кіреді. Мәдениет пен шығармашылық индустриялар экономикалық өсімге, мәдени бірегейлікті, әлеуметтік интеграцияны және инновациялық ойлауды дамытуға ықпал етеді. Олар суретшілер, тұтынушылар және бизнес арасындағы өзара әрекеттесудің жаңа түрлерін жасау арқылы қоғамның мәдени ландшафтын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Нарықтың тез өзгеретін жағдайларына және тұтынушылардың қалауына бейімделуге мүмкіндік беретін мәдениет пен шығармашылық индустриялар заманауи технологияларды белсенді қолданып, мемлекет тарапынан да, жеке сектор тарапынан да оларға қызығушылықтың айтарлықтай өсуі байқалуда. Бұл олардың жұмыс орындарын құру, инвестициялар тарту және тұрақты экономикалық дамуды қалыптастыру әлеуетіне байланысты.

Бұл мәдениет пен шығармашылық индустрия қызметтің аумақпен байланысының жоғары деңгейін айқындап, қоғамның үздіксіз дамуын қамтамасыз ету үшін маңызды және креативті экономиканың негізін құрайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шумило, Е. И. Взаимосвязь культуры и искусства с экономикой / Е. И. Шумило; науч. рук. М. П. Мишкова // Экономика и управление: социальные, экономические и инженерные аспекты : сборник научных статей VI Международной научно-практической конференции, Брест, 23–24 ноября 2023 г. : в 2 частях / Министерство образования Республики Беларусь, Брестский государственный технический университет, Кафедра менеджмента ; редкол.: И. М. Гарчук [и др.]. – Брест : БрГТУ, 2023. – Часть 2. – С. 394–396. – Библиогр.: с. 395–396 (5 назв.).
2. У.К. Джакишева, А.В. Череп, М.А. Канабекова, А.А. Мелдебекова (2024). Креативті экономика қазіргі заманның экономикалық мәселелерін шешудің кілті ретінде. ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы, 148(2), 32–42. <https://doi.org/10.26577/be.2024-148-b2-03>
3. Белокрылова О. С., Дубская Е. С., 2013. «Мировой Опыт Формирования Креативной Экономики И Возможности Его Использования В России», Terra Economicus, CyberLeninka; Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего профессионального образования «Южный федеральный университет», vol. 11 (4-2), pages 5-11.
4. Культура, творчество и устойчивое развитие в рамках Третьего Всемирного форума ЮНЕСКО по вопросам культуры и индустрий культуры. URL: <https://ru.unesco.org>
5. D. Issakhova, A. K. Jumasseitova (2023). Шығармашылық кәсіпкерліктің қиындықтарын анықтау: Қазақстанның шағын және орта бизнесінің көзқарасы. ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы, 144(2), 75–83. <https://doi.org/10.26577/be.2023.v144.i2.08>
6. Бернович П. А. Креативная экономика как способ решения текущих проблем человечества// Экономические и социальные проблемы России. - 2022. №4. - С. 16-28.
7. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметі.
8. https://standard.kz/ru/post/2025_02_kazaxstancy-v-2024-potratili-na-razvlecheniia-okolo-t73-mlrd-408
9. М. Аргынбеков, А. Зейнельгабдин Вопросы развития креативной экономики в Республике Казахстан// Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет №4 (91) 2024 86-105 б.